

**Мәслихаттың 2009 жылғы 5 қарашадағы № 205 "Базалық салық ставкасын түзету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 342 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 сәуірде № 5538 болып тіркелді. Күші жойылды – Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2016 жылғы 18 қаңтардағы № 437 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 18.01.2016 № 437 шешімімен (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексі 387 - бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2009 жылғы 5 қарашадағы № 205 "Базалық салық ставкасын түзету туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-12-125 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 26 қарашада "Айна" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағының 1) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Он төртінші  
сессия төрағасы  
Аудандық  
мәслихаттың хатшысы*

*Г. Ягодин*

*Е. Аманжолов*